

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 13 қазандағы N 1050 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 21 қазандағы N 1061 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. "Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ісін реформалау мен дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 13 қазандағы N 1050 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2004 ж., N 37 , 497-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары А.С.Есімовке жүктелсін."; көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ісін реформалау мен дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарында:

5 - б а ғ а н д а :

реттік нөмірі 3-жолда "2005 жылдың II тоқсаны," деген сөздер "2005 жылдың IV тоқсаны," деген сөздермен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 10-жолда "II тоқсаны" деген сөздер "IV тоқсаны" деген сөздермен ауыстырылсын ;

реттік нөмірі 12-жолдың 2-бағанында "220" деген сандар "160" деген сандармен ауыстырылсын ;

реттік нөмірі 31 - ж о л д а :

3-бағанда "Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулысының жобасы" деген сөздер "Бұйрық" деген сөзбен ауыстырылсын;

4-бағанда ", Қорғанысмині, ПМ, АШМ, ҰҚК (келісім бойынша)" деген сөздер а л ы н ы п т а с т а л с ы н ;

реттік нөмірі 47-жолдың 4-бағанында "Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері" деген сөздердің алдынан "ДСМ," деген аббревиатурамен т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

реттік нөмірі 113-жолдың 5-бағанында "I тоқсаны" деген сөздер "IV тоқсаны" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК